


Зерттеу жұмыстарының ұсынылатын құрылымы (Action Research)

Бөлім	Сипаттамасы
<p>Авторлар</p>	<p>Дүйсебай Ботакөз Оразәліқызы, қазақ тілі пәні мен әдебиеті пәнінің мұғалім-сарапшысы; НЗМ Шымкент-Абай Козбагарова Базила Мусиркулқызы, қазақ тілі пәні мен әдебиеті пәнінің мұғалім-сарапшысы; НЗМ Шымкент-Абай Қаржаубекова Гульназ Омарбековна, математика пәнінің мұғалімі НЗМ Шымкент-Абай</p>
<p>Тақырып</p>	<p>Пікірсайыс технологиясы арқылы оқушылардың жазылым дағдысын дамыту жолдары 2024-2025 оқу жылы.</p>
<p>Аннотация (150–250 сөз)</p>	<p>Зерттеу жұмысы пікірсайыс технологиясы арқылы оқушылардың жазылым дағдысын дамыту жолдарын анықтайды. Қазіргі білім беру жүйесінде оқушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастыру – маңызды міндеттердің бірі. Соның ішінде жазылым дағдысы оқушының сыни ойлауын, аргументтеу қабілетін және логикалық құрылым құра білуін дамытудың негізгі көрсеткіші ретінде қарастырылады. Зерттеу барысында алынған сауалнама мен жазба жұмыстарының нәтижелерін саралай келе, оқушыларда өз пікірін дәлелді жеткізу, қарсы аргумент келтіру және құрылымды сақтау дағдыларының жеткіліксіз екенін көрсетті.</p> <p>Анықталған мәселені шешу мақсатында Дүниежүзілік мектеп пікірсайыс форматында (WSDF) сабақтар ұйымдастырылды. Пікірсайыс барысында оқушылар тақырыпты терең зерттеп, аргументтерді жүйелеп, қарсы пікірге жауап беруге машықтанды. Бұл әрекеттер жазылым тапсырмаларында оң нәтижесін көрсетті: эссе құрылымы сақталып, дәлелдер нақты әрі жүйелі беріле бастады.</p> <p>Жалпы алғанда, зерттеу нәтижелері пікірсайыс технологиясының оқушылардың жазылым дағдысын кешенді дамытуға ықпал ететін тиімді педагогикалық құрал екенін дәлелдейді. Бұл тәсіл оқушылардың тілдік құзыреттілігін ғана емес, сонымен қатар олардың коммуникативтік, аналитикалық және шығармашылық қабілеттерін дамытуға мүмкіндік береді. Сондықтан пікірсайыс элементтерін оқу үдерісіне жүйелі түрде енгізу оқушылардың функционалдық сауаттылығын арттырудың маңызды жолдарының бірі ретінде ұсыналады.</p>
<p>Ақтуалдылық және мәселенің негізделуі</p>	<p>Бұл зерттеу жұмысы пікірсайыс технологиясын қолдану арқылы оқушылардың жазылым дағдысын дамыту жолдарын анықтауға бағытталған. Қазіргі білім беру жүйесінде функционалдық сауаттылықты қалыптастыру – негізгі міндеттердің бірі. Соның ішінде жазылым дағдысы – оқушының сыни ойлауын, логикалық құрылым құра білуін және аргументтеу қабілетін дамытудың маңызды көрсеткіші. Зерттеу барысында оқушыларының аргументтеу деңгейін анықтау мақсатында сауалнама жүргізіліп, жазба жұмыстары сараланды. Нәтижесінде оқушылардың басым бөлігінде пікірді дәлелдеу, қарсы аргумент келтіру, факті мен мысалды орынды қолдану дағдыларының жеткіліксіздігі анықталды.</p>

	<p>Анықталған мәселені шешу мақсатында тәжірибелік кезеңде Дүниежүзілік мектеп пікірсайыс форматы (WSDF) негізінде сабақтар ұйымдастырылды. Пікірсайыс үдерісінде оқушылар тақырыпты терең зерттеп, аргументтерді жүйелеуге, қарсы пікірге жауап беруге және қорытынды жасауға машықтанды. Бұл жұмыс жазылым тапсырмаларында оң нәтижесін көрсетті: эссе құрылымы сақталып, дәлелдер нақты әрі логикалық жүйеде беріле бастады, академиялық сөздік қоры кеңейді.</p> <p>Зерттеу нәтижесі пікірсайыс технологиясының оқушылардың жазылым дағдысын кешенді дамытуға, аргументациялық мәдениетін қалыптастыруға және оқу жетістіктерін арттыруға тиімді педагогикалық құрал екенін дәлелдейді.</p> <p>Қазіргі білім беру жүйесінде оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту – басты міндеттердің бірі. Әсіресе жазылым дағдысы оқушының сыни ойлауын, тілдік қорын, логикалық пайымын қалыптастыруда ерекше рөл атқарады. Осы тұрғыда пікірсайыс технологиясы тиімді педагогикалық құрал ретінде қарастырылады.</p> <p>Пікірсайыс – белгілі бір тақырып бойынша қарама-қарсы көзқарастарды дәлелдеу арқылы шындыққа жетуге бағытталған интерактивті оқыту әдісі. Ол оқушылардың ойын жүйелі жеткізуіне, аргумент келтіруіне, қарсы пікірді талдап, жауап қайтаруына үйретеді.</p>										
<p>Мақсат және зерттеу сұрақтары</p>	<p>Зерттеудің мақсаты: Пікірсайыс технологиясын қолдану арқылы оқушылардың жазылым дағдысын дамытудың тиімді жолдарын анықтау. Пікірсайыс (дебат) – оқушылардың сыни ойлауын, дәлел келтіру қабілетін және өз ойын жүйелі жеткізуін дамытатын тиімді әдіс. Бұл дағдылар эссе жазуда тікелей қажет. Төменде пікірсайыс арқылы эссе жазу дағдыларын дамытудың жолдары берілген.</p> <p>Пікірсайыс технологиясының жазылымға әсері Пікірсайыс барысында оқушы: тақырыпты терең зерттейді; аргументтерді жүйелейді; қарсы пікірге жауап дайындайды; фактілер мен деректерді қолданады.</p> <p>Осы әрекеттер кейін жазба жұмыста көрініс табады. Мысалы, пікірсайыстан кейін жазылған эсселерде кіріспе, негізгі бөлім, қорытынды құрылымы айқын сақталады, дәлелдер нақты беріледі. Пікірсайыс кезеңдері жазылыммен былайша байланысады:</p> <table border="1" data-bbox="501 1547 1417 1738"> <thead> <tr> <th>Пікірсайыс кезеңі</th> <th>Эсседегі көрінісі</th> </tr> </thead> <tbody> <tr> <td>Тақырыпты талдау</td> <td>Тақырыпты түсіну</td> </tr> <tr> <td>Аргумент дайындау</td> <td>Негізгі ойды дамыту</td> </tr> <tr> <td>Қарсы аргумент</td> <td>Контраргумент жазу</td> </tr> <tr> <td>Қорытынды сөз</td> <td>Қорытынды бөлім</td> </tr> </tbody> </table> <p>Сыныптағы оқушылардың білімді меңгеру деңгейі, айтылым, оқылым, жазылым дағдысы, пәнге деген қызығушылық деңгейі, білік пен дағдының қалыптасуы, мінез-құлықтарындағы өзгешелік айқын көрініс табады. Кейбір оқушылар тілді игеруде айтылымнан, жазылымнан ерекше қабілеттілік танытады. Ал біреулері қабілеттері бола тұра бетпе-бет сөйлесу мен жазылымға келгенде қиындықтарға кездесіп жатады. Осы мәселе оқушылардың аудиторияға бағытталған жазылым жұмыстарында қиналатыны байқалады. Алдыңғы оқу жылында сыртқы жиынтық бағалауда жазылым тапсырмасы</p>	Пікірсайыс кезеңі	Эсседегі көрінісі	Тақырыпты талдау	Тақырыпты түсіну	Аргумент дайындау	Негізгі ойды дамыту	Қарсы аргумент	Контраргумент жазу	Қорытынды сөз	Қорытынды бөлім
Пікірсайыс кезеңі	Эсседегі көрінісі										
Тақырыпты талдау	Тақырыпты түсіну										
Аргумент дайындау	Негізгі ойды дамыту										
Қарсы аргумент	Контраргумент жазу										
Қорытынды сөз	Қорытынды бөлім										

нәтижесінің төмен болуы, оқушылардың жазбаша ойын жеткізуде академиялық сөздік қордың жетіспеушілігі мәселе болды. Осы мәселені шешу мақсатында әріптестерім Қ.Б. мен Қ.Г. бірлесіп, іс-әрекеттегі зерттеу тақырыбымызды «**Пікірсайыс технологиясы арқылы оқушылардың жазылым дағдысын қалай дамытуға болады?**» деп алдық. Пікірсайыс технологиясын қолдану арқылы оқушылардың жазылым дағдысын дамытудың тиімді жолдарын анықтауды қарастырдық. Нәтижесінде **пікірсайыс элементтерін қолдану арқылы оқушылардың сөздік қорымен қатар жазылым дағдысы жүйеленеді** деп күтілді.

Сыртқы жиынтық бағалау нәтижесінің төмен болуының себебін анықтау мақсатында оқушылар мен әріптестерге сауалнама жүргіздік. Оқушылар сауалнама нәтижесінде аргументтеу дағдыларының, академиялық сөздік қордың жетіспеушілігінен жазылым тапсырмасын төмен жазатыны анықталды.



Теориялық негіз (қысқаша)

Зерттеудің бастапқы кезеңінде оқушылардың аргументтеу дағдысының деңгейін анықтау мақсатында сауалнама жүргізілді. Сауалнамаға 10-сыныптан 24 оқушы қатысты.

Нәтижелер төмендегідей болды:

Оқушылардың **62%**-ы өз пікірін дәлелмен толық негіздей алмайтынын көрсетті;

38%-ы қарсы пікірге нақты жауап беруде қиналатынын белгіледі;

65%-ының жазба жұмыстарында аргумент пен мысалдың сәйкестігі әлсіз байқалды;

Тек **18%** оқушы ғана өз ойын жүйелі, дәлелді түрде жеткізе алған. Бұл көрсеткіштер аргументтеу дағдысының жеткіліксіз деңгейде қалыптасқанын дәлелдейді.

Жазба жұмыстарын саралау барысында келесі мәселелер анықталды:

Пікірдің дәлелсіз берілуі – оқушы тек «Менің ойымша...» деп бастайды, бірақ оны нақты фактімен бекітпеуі;

Аргументтің әлсіздігі – дәлел ретінде өмірлік жағдайлар нақты сипатталмайды;

Қорытындының әлсіздігі – жазба соңында тұжырым анық берілмейді.

	<p>Кейбір оқушылар ой жүйелілігін сақтамай, азат жолдар арасындағы логикалық байланыс жоқ екені байқалды. Мәселенің себебі мен салдарын жан-жақты зерттедік. Мәселенің басты себептері: тақырыпты түсінбеуі, тапсырманы ат үсті орындауы, аргументтеу дағдыларының төмендігі, сөздік қорларының аздығында болып шықты.</p> <p>Сауалнама нәтижесінде мұғалім оқушыларға дәлел келтіру алгоритмін меңгерту керек деген қорытындыға келдік. Сондықтан анықталған мәселе бойынша зерттеудің тәжірибелік кезеңінде оқушыларға пікірсайыс арқылы (Дүниежүзілік мектеп пікірсайыс формат технологиясын (WSDF) пайдаланып, жазылым дағдыларының дамуына ықпал етуді қолға алдық.</p>
<p>Методология</p>	<p>Зерттеу аясында «Жаһандық мәселелер: көші-қон саясаты» тақырыбын таңдадық. Тақырыпты таңдау себебіміз, оқушылар I тоқсанда «<i>Жаһандық</i> перспективалар және жобалық жұмыс» пәнінен және география пәнінен көші-қон жайлы түсініктері қалыптасқан. Айтылым барысында <i>Жаһандық</i> перспективалар, география пәндерімен байланыстыра отырып, қоғамдағы өзекті көші-қон мәселелер төңірегіндегі дәлелдер мен шешімін анықтауға мүмкіндік беретін пікірталас ұйымдастыруды көздедік. Оқушылар жақтаушы және даттаушы позициясын ұстанып, пікірсайысқа түседі.</p> <p>Сабақты әріптестермен бірлесіп жоспарлауда «Дүниежүзілік мектеп пікірсайыс формат технологиясы (WSDF)» семинарында алған білімді пайдаланатын кез келді. Сабақ кіріспесінде үй тапсырмасына шолу жасап өттік. «Көші-қон әлеуметтік мәселеге жата ма?» тақырыбына Падлет тақтасында SWOT талдау жасатып, тақырып бойынша пікірсайыс ұйымдастырып, ұсынылған оқу мақсатына бағалау критерийлерін құрастыруды көздедік. Себебі мұғалім сабақ беруіне емес, оқушылардың зерттеушілік дағдыларын, ептілігін де дамыту керек. Оқушы тақырыпты үйде жан-жақты зерттеп, дайындалып келетіндіктен, айтылым дағдысын дамытуда пікірсайыс ойыны дұрыс деп шештік. Оқылым дағдысы бойынша оқу мақсаттарына сай оқыту ортасын құруда оқылым алды тапсырма «Сөздік» әдісі бойынша падлет тақтасында мәтін мазмұнындағы сөздермен жұмыс жүргізуді енгіздік. Пікірталасты бағалау үшін сарапшының бағалау парағын дайындадық. Жалпы мақсатымыз – оқушылардың тақырыпты меңгеруін бағалау және айтылым дағдысының дамуын, оқылым мәтінін зерттеп оқуын бағалау.</p>
<p>Жүзеге асыру (зерттеу барысы)</p>	<p>Сабақ кіріспесінде үй тапсырмасына шолу жасап өттік. «Көші-қон әлеуметтік мәселеге жата ма?» тақырыбына Падлет тақтасында SWOT талдау жасаттық. Орындалған үй жұмыстарына жалпы кері байланыс берілді. Үй тапсырмасын жаңа бағдарлама арқылы ұсыну нәтижесінде ғаламтор ресурстармен жұмыс істеуді үйреніп, өздеріне ыңғайлы уақытта оқи алады. Бұл тұста әр оқушы қай тұстан қателескенін өздеріне белгілі болатын. Пікірсайыс «БП Көші-қон әлеуметтік мәселеге жатады деп есептейді» стақырып төңірегінде өрбіді. Үкімет тобы «БП Көші-қон әлеуметтік мәселеге жатады деп есептейді», Оппозиция тобы «БП Көші-қон әлеуметтік мәселеге жатпайды деп есептейді» деген позицияны ұстанды. Арнайы регламент ұсынылды. Ойын өте тартысты өтті: үкімет, оппозиция спикерлері бүгінгі пікірсайыс арқылы қоғамымыздағы көші қон мәселесін география, <i>жаһандық</i> перспектива, математика пәндерінен</p>

	<p>алған білімдерін қолданып, өзіндік ой-пікір қосып, дамыту жолдарын ұсынды, қорытынды шығарды. Сабақтың соңғы сәтінде критерий бойынша бағалап өттік. Бұл тапсырмада оқушылардың барлығы қамтылды деуге болады. Сабақ қорытындысында «Көші қон мәселесінің себептері неде?» деген сұраққа жоғары деңгейлі А деген оқушы 9-сыныпта география пәнінде өткен тақырыппен байланыстыра жауап берді. Келесі Н деген оқушы мәселеге әсер ететін факторларды санамалап айтып өтті. Оқушылар тапсырманы уақытында орындап, тақырыпты өткен сабақпен байланыстыра жауап бергені көңілден шықты. Оқушылар бір-бірінің жауаптарын бағалап өтті. Сабақ соңында: «Бүгінгі сабақта оқу мақсатына жеттік пе?», «Тапсырма орындауда қандай тәсіл оқу мақсатына жетуге ықпал етті?» деген сұрақтар қойылды. Екінші тапсырма жазылым дағдысы бойынша эссе тақырыбынан ауытқымай пікірді, көзқарасты растайтын немесе жоққа шығаратын дәлелдер келтіріп жазу («келісу, келіспеу») эссесін жазу болатын. «Көші-қон әлеуметтік мәселеге жатады» деген пікірмен келісесіз бе? тақырыбында дискуссивті эссе жазды.</p>																	
<p>Нәтижелер және негізгі қорытындылар</p>	<p>Дискуссивті эсседе ойды дамыту үшін ең тиімді жол – сұрақ қойып, оған жауап беру. Өз ұстанымын анықтап, екі бағаннан тұратын кесте сызып, екеуін де толтырып шықты.</p> <table border="1" data-bbox="504 927 1461 1014"> <tr> <td style="background-color: #e6e6fa;">Артықшылықтары</td> <td style="background-color: #e6e6fa;">Кемшіліктері</td> </tr> </table> <p>Бұл әдіс те оқушының нәтижеге жетуіне, сенімділігін арттыруға ықпал етері сөзсіз. Зерттеу тақырыбының мықты шыққан тұстары:</p> <ul style="list-style-type: none"> -мәселені әлемдік деңгейде байланыстырып, өмірмен байланыстыруға үйренді; -спикер рөлінде керек ақпараттарды іріктей отырып, позициясын қорғады; -тақырып мәселесін шешу жолдарын ұсына алатын болды; -оқушылар аргументтеу арқылы жазылым жұмысының жүйелі жазатынын байқалды. <p>Зерттеу сабақтың кемшін тұстары:</p> <ul style="list-style-type: none"> - эссе жазу барысында уақыт жетіспеушілігі байқалды. Осы тұста тапсырманы аяқтамаған, түсінбеген оқушыларға қосымша сабақтар жоспарланды. <p>Оқушыларға пікірсайыстың ережесін эссемен салыстыра отырып, түсіндіретін боламыз.</p> <table border="1" data-bbox="504 1653 1461 2054"> <thead> <tr> <th colspan="2" data-bbox="504 1653 879 1720">Айтылым (пікірсайыс)</th> <th data-bbox="879 1653 1062 1720">ұқсастығы</th> <th colspan="2" data-bbox="1062 1653 1461 1720">Жазылым (эссе)</th> </tr> </thead> <tbody> <tr> <td colspan="2" data-bbox="504 1720 879 1944">Белгілі бір мәселе бойынша нақты көзқарас қалыптастырып, оны дәлелдер арқылы пікірсайысқа түседі</td> <td data-bbox="879 1720 1062 1944"></td> <td colspan="2" data-bbox="1062 1720 1461 1944">Эссе тақырыбынан ауытқымай пікірді, көзқарасты растайтын немесе жоққа шығаратын дәлелдер келтіріп жазу («келісу, келіспеу») эссесі</td> </tr> <tr> <td data-bbox="504 1944 560 2054">1</td> <td data-bbox="560 1944 879 2054"><i>Қарар – берілген тақырып.</i></td> <td data-bbox="879 1944 1062 2054"></td> <td data-bbox="1062 1944 1118 2054">1</td> <td data-bbox="1118 1944 1461 2054"><i>Кіріспе: Кілт сөзге анықтама беретін тақырыптық</i></td> </tr> </tbody> </table>	Артықшылықтары	Кемшіліктері	Айтылым (пікірсайыс)		ұқсастығы	Жазылым (эссе)		Белгілі бір мәселе бойынша нақты көзқарас қалыптастырып, оны дәлелдер арқылы пікірсайысқа түседі			Эссе тақырыбынан ауытқымай пікірді, көзқарасты растайтын немесе жоққа шығаратын дәлелдер келтіріп жазу («келісу, келіспеу») эссесі		1	<i>Қарар – берілген тақырып.</i>		1	<i>Кіріспе: Кілт сөзге анықтама беретін тақырыптық</i>
Артықшылықтары	Кемшіліктері																	
Айтылым (пікірсайыс)		ұқсастығы	Жазылым (эссе)															
Белгілі бір мәселе бойынша нақты көзқарас қалыптастырып, оны дәлелдер арқылы пікірсайысқа түседі			Эссе тақырыбынан ауытқымай пікірді, көзқарасты растайтын немесе жоққа шығаратын дәлелдер келтіріп жазу («келісу, келіспеу») эссесі															
1	<i>Қарар – берілген тақырып.</i>		1	<i>Кіріспе: Кілт сөзге анықтама беретін тақырыптық</i>														

	<i>Дефиниция – кілтті сөздерге анықтама беріледі.</i>		<i>сөйлемдер (2-3 сөйлем)</i>
2	<i>Аргумент – позицияны растайтын дәлел.</i>		<i>Негізгі бөлім: Негізгі ойды білдіру Бірінші көзқарасты дәлелдеу</i>
3	<i>Қарсы аргумент келтіру</i>		<i>Қарама-қарсы пікірді талдау</i>
4	<i>Сараптама жасалады</i>		<i>Қорытынды: Негізгі сұраққа қатысты нақты шешім Жеке пікірді білдіру</i>

Әріптестермен кеңесіп құрастырылған жоспарымыз оқу мақсатына жетуге, белсенділігі төмен оқушылардың қызығушылықтарын арттыруға, салыстырып талдау тапсырмаларын талапқа сай орындауға ықпал ететіні анықталды. Оқушыларға пікірсайыс ережесін меңгерту арқылы эссе жанрына сай жазылым тапсырмасын реттеп жазуды дамытатыны сөзсіз.

Сабақ жоспарында оқу мақсатына жетуге негізделген белсенді әдістер айтылым, оқылымды талдау дағдыларын бағалауға бағытталған болатын. Жаңа тақырыпты меңгергертуде «қандай белсенді әдістерді қолдауға болады?» деген сұрақ туындайтын. Ал енді «мақсатқа, күтілетін нәтижеге жету үшін қандай әдістерді қолданса болады?» деген сұрақ туындады. Сабақта пікірсайысқа түскен оқушылар фактілерін ұсына алды ма? Проблеманы көтеру арқылы оның шығу себептерін, шешу жолдарын, туындау нәтижелерін айқын көрсете ала ма? Әр спикер өзіне берілген уақыт шегінде ой тарқатып, сөздерін түйіндей алатынына назар аударылды. Оқушылар үйде көш қон мәселесі тақырыбына SWOT талдау жасай отырып, жаңа сабақты тез меңгеруіне ықпал етті. Оқушылардың үй тапсырмасын қалай орындағанын бағалап кетіп, орындамаған оқушыларға тақырып төңірегінде сұрақ қойылды. Пікірсайысты бағалау үшін оқушыларға бағалау критерийін құрастырту сабақ мақсатына жетуге көмектесті. Оқушылар пікірсайыс тақырыбы төңірегінде жақтаушы және даттаушы рөлінде пікірталастырды. Пікірсайыс барысындағы кемшіліктер: даттаушы жақ тарапынан берілген уақыттан бұрын орындап қойып отырды. Бұл тұста екінші спикердің жалғастырып кетуіне болатыны ескертілді. Топтар өздерінің ұстанған позицияларын айқын қорғап шықты. Пікірсайыс критерийі бойынша топтарда «сарапшының» бағалуы жүзеге асып, сарапшы оқушылар кері байланыс беруге төселді. Сабақтың сәтті өткен тұстарын атап кететін болсақ, оқушылар тақырыпқа байланысты әртүрлі деректер, материалдар, фактілер, статистикалық мәліметтерді саралау арқылы өз ұстанымдарын қорғап шықты. Пікірсайыс барысында тосыннан қойылған сұрақтарға жүйелі жауап беріп отырды. Пікірсайыста оқушылар жан-жақты ойлануды талап ететін сұрақтар қойып отырды. Пікірсайыс жоғары деңгейде өтіп, оқушылардың қызығушылықтарын арттырды. Оқушылардың айтылым, жазылым дағдыларын дамыту ортада еркін қарым-қатынас жасауына, сараптай отырып оқуына, шешім шығаруына жол ашатыны сөзсіз. Сабақ мақсатына сай

	<p>тапсырма құрастырып, тапсырманы жүйелі орындауға бағытталған дескриптор құрастыру, тиімді бағалау құралдарын қолдану оқушылардың білік, дағдысын дамытып қана қоймай, сыртқы жиынтық бағалау көрсеткіштерінің жоғары болатынына көз жеткізді. Оқушылар кері байланыс беріп, бағалай отырып, өзінің де қателескен тұстарын аңғарып отырды. Үй жұмысы оқушылардың ұсынысы бойынша LearningApps платформасында ұйымдастырылды. Оқушы өз қатесін өзі жоюға мүмкіндігі бар ресурс. Бағалау құралдарын тиімді ұйымдастырып, сабақтарда кеңінен қолдану және осы бағытта білімді жетілдіру керектігін түсіндік. Әр тапсырма соңында оқушыларды мақтап-мадақтап, қолпаштап, қолдау көрсетіп отырдық. Бұл бағалау оқушылардың көңілді отыруына, оқу мақсатын меңгеруіне ықпал етері сөзсіз.</p>
<p>Практикалық ұсыныстар</p>	<p>Оқытудың жаңа бағыттарының ерекшелігі – оқытудың мақсаттары мен міндеттерін, бақылау мен бағалау өлшемдерін қалыптастырады деп тұжырым жасаймыз. Сабақта пікірсайысты жүйелі қолдану арқылы жазба жұмыстың сапасын арттыруға болады. Мұғалім өз әдісінде оқушының білім алу үдерісін, жалпы оқыту үдерісін ұйымдастыруда, оның нәтижелілігін бақылау мен бағалауда өзіндік орны бар жүйелі қызмет жасауымыз қажет. Іс-тәжірибиеміздің нәтижесіне сүйене отырып, Зияткерлік мектептер кәсіби даму қауымдастығындағы қазақ тілі мен әдебиеті мамандарының тәжірибесін дамыту мақсатында сабақ барысында әр бөлім соңында пікірсайысты жиі қолдануды да ұсынар едік. Айтылым дағдысын дамыту арқылы оқушының жазылым дағдысын да жетілдіре аламыз.</p>
<p>Қорытынды</p>	<p>Тәжірибедегі зерттеу сабағында түрлі деңгейдегі оқушылар белсенділік танытып, тегіс қамтылды. Оқушыларға жазылымды жоғары деңгейде жаздыру үшін айтылым әрекетінің пікірсайыс түрі шәкірттің кез келген тілдік ортада еркін пікір алмасу, қойылған сұрақтарға дұрыс жауап беру мен түрлі мазмұндағы тілдік жағдаяттарда білім, білік, дағдыларын қолдануды жетілдіреді. Оқушы ойын жүйелі жеткізіп, пікірін дәлелдеу мен тілдік жағдаятта оңтайлы шешім қабылдауды үйренді. Пікірсайысты үйрету арқылы жазылым барысында сөздік қорлары дамып, аргументтерді орынды қолданып жазуға дағдыланды.</p>
<p>Әдебиеттер тізімі</p>	<ol style="list-style-type: none"> 1. Құсайынов А.Қ. Қазіргі білім беру технологиялары. – Алматы: Рауан, 2018. 2. Paul, R., Elder, L. Critical Thinking: Tools for Taking Charge of Your Learning and Your Life. – Boston: Pearson Education, 2014. 3. Fisher, A. Critical Thinking: An Introduction. – Cambridge: Cambridge University Press, 2011. 4. O’Keefe, D. J. Persuasion: Theory and Research. – Thousand Oaks, CA: Sage Publications, 2016. 5. International Debate Education Association (IDEA). World Schools Debating Championships: Rules and Guidelines. – 2020.